

## Тегін ыстық тамақ ұйымдастыру жұмыстарын бақылау бойынша

### АНЫҚТАМА

**Мерзімі:** Қаңтар

**Мақсаты:** «Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде» тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша оқушылардың сапалы және қауіпсіз тамақтануын қамтамасыз ету бағытында санитарлық ережелер мен нормалардың сақталуын қадағалау.

Санитарлық ережелер мен талаптарға сай жабдықтармен жабдықталған. Арнайы тамақ сапасын тексеру комиссия мүшелері бақылау жүргізіп тұрады. Қазіргі уақытта мектебімізде 1-4 сыныптар арасында 100 оқушы және 5-11 сыныптың 40 оқушы тамақтанады.

Мектеп асханасында тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы күнделікті бақыланып отырады.

Мектеп асханасын тексеру мақсатымыз: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрілігінің 2021 жылғы 27 шілдедегі №368 Бұйрығы, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 25 тамызындағы №36 Қаулысы негізінде бекітілген мектеп асханаларында тыйым салынған тағамдардың (шұжық өнімдерін, шұжықшалар мен құрамында табиғи бояғыштар, консерванттар, хош иістендіргештер, дәмді күшейткіштер, тәттілендіргіштер бар өзге де өнімдерге), оқушыларға берілетін тегін ыстық тамақтың сапасын қадағалау.

Ас мәзірімен асхананың санитарлық талаптарға сәйкестігі, асхана қызметкерлерінің қызмет көрсету барысы мен сапасы, шикізаттың жеткілікті қолданылуы, дайын астың сапасын бақылайтын бракераждық журналдың уақытында толтырылуын, бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемінің сәйкестігі қаралады. Мектеп медбикесі Сейтпанова З бірге ас сақтайтын қоймалары және тоназытқыштарды тексеріліп отырады. Оқушыларға ас мәзірі бойынша тамақ беріледі, оқушылар уақытында келіп тамақтанады, тегін ыстық тамақ тиісті мөлшермен беріледі. Қызметкерлер санитарлық талапқа сай қызмет көрсетеді. Дайын астың сапасын бақылайтын бракераждық журнал мектеп медбикесі тарапынан уақытында толтырылған. Асханада берілген тамақ талапқа сай, тегін ыстық тамақ ас мәзірі бойынша беріліп отыр.

Әлеуметтік педагог *А. Даулетова*